

	Нысандың БҚСЖ бойынша коды КҮЖЖ бойынша ұйым коды
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті	
«Шығыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлінің 2015 жылғы «30» мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген № 015/у нысанды медициналық құжаттама

**Шығыс Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері міндетін атқарушының 2021 жылғы 19 ақпандағы №4 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

**№ 4-5**

**ҚАУЛЫ**

**2021 жылғы 26 наурыз**

**Өскемен қаласы**

Мен, Шығыс Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Қ.А. Турдиев,

**мына құжаттарды:**

Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2021 жылғы 24 ақпандағы; 2021 жылғы 02 наурыздағы; 2021 жылғы 18 наурыздағы шешімдерін;

Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67; «Қарантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен жеңілдету туралы» 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68; «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» 2021 жылғы 04 ақпандағы №5; «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» 2021 жылғы 27 ақпандағы №9; «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» 2021 жылғы 05 наурыздағы №10; «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 25 наурыздағы №12 қаулыларын;

«Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-293/2020 бұйрығын;

COVID-19 коронавирустық инфекциясы бойынша Шығыс Қазақстан облысындағы, Қазақстан Республикасының басқа облыстарындағы және іргелес мемлекеттердегі санитариялық-эпидемиологиялық ахуал туралы **жедел мәліметтерді қарап**,

Есептік өлшемшарттар негізінде COVID-19 науқастарын емдеуге арналған инфекциялық стационарлардағы төсек қорының (ТК) қамтылу пайызы – 2,9 %, облыс бойынша инфекцияның репродуктивтік мәні (R) – 0,933 құрағанын **анықтадым**.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабының 1-тармағының 4) тармақшасы, 2-тармағының 3) тармақшасы, 102, 104 – баптары негізінде, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. «Шығыс Қазақстан облысының халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясымен сырқаттанушылықтың алдын алу жөніндегі одан арғы шараптар туралы» Шығыс Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері міндетін атқарушының 2021 жылғы 19 ақпандагы № 4 қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

**1) 9-тармақтың 4) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:**

«9. Санитариялық ережелер мен күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим сақталған кезде:

**4) оқытудың келесі форматы:**

- контингенті **300 оқушыға** дейін қалалық және ауылдық мектептерде сыныптардағы балалар санын **25 адамнан асырмай** дәстүрлі форматта оқыту;

- білім беру ұйымы әкімшілігінің шешімі бойынша сабактан тыс уақытта **15 адамнан** аспайтын топтарда окушыларды жеке оқыту;

- жалпы білім беретін мектептерде барлық сыныптардың окушылары үшін сыныптардағы балалар санын **25 адамнан асырмай** аралас форматта оқыту;

- колледждер мен жоғары оку орындарының 1 курс студенттері үшін штаттық оқыту жалғастырылсын».

2. Қаулы меншік нысанына қарамастан барлық жеке және занды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

3. Осы қаулы барлық мүдделі ведомстволардың назарына жеткізілсін, халық ресми веб-ресурстар, БАҚ, әлеуметтік желілер және өзге де ақпараттық ресурстар арқылы хабардар етілсін.

**4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.**

**5. Осы қаулы **кол қойылған** күннен бастап күшіне енеді.**

М. О.

**Шығыс Қазақстан облысының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері  
Қаулыны алдым**



**К. Турдиев**

(лауазымы, тегі, аты, экесінің аты, алған күні, қолы)